

Жунусбекова А.Ж.

Халықаралық құқық мамандығының 2 курс PhD докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: aigerim112@mail.ru

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУДЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Экологиялық қауіпсіздік жүйесінде трансшекаралық суды қорғау саласындағы проблемалар ерекше орын алады. Соңғы жарты ғасырда трансшекаралық су ресурстарына қатысты әлемде 500-ден астам халықаралық қақтығыстар орын алды. Трансшекаралық су ресурстарын пайдалану проблемалары су объектілерін үйлесімсіз салу, ластанудың ауысуы әрекеттеріндегі келіспеушіліктердің көзі болды. Сонымен бірге, БҰҰ деректері бойынша адамзат тарихында 3600-дан астам келісім жасалды, олардың көпшілігі кеме қатынасы, шекараларға, балық аулауға қатысты, ал XIX ғасырдың ортасынан бастап табиғи ресурс ретінде суды пайдалануды реттейтін 400-ден астам келісім жасалды. Мақалада ішкі суды және трансшекаралық өзендерді қорғау саласындағы халықаралық экологиялық құқықтың құралдары қарастырылады. Ішкі суларға қатысты құқық халықаралық экологиялық құқықтың көне бөлігіне жатады. Экологиялық проблемаларды реттеу элементтері бар алғашқы ережелер XVIII ғасырда пайда болды және негізінен трансшекаралық кеме қатынайтын өзендерді пайдалану мен қорғауға қатысты болды. Мақалада Еуропадағы трансшекаралық суға қатысты халықаралық құқықтың қарқынды дамуы көрсетіледі және трансшекаралық өзендерді қорғау саласындағы су қатынастарын реттейтін негізгі құжаттарға назар аударылады, сонымен қатар трансшекаралық суды қорғау саласындағы халықаралық экологиялық құқықтың құралдары ретінде халықаралық ұйымдардың рөлі қарастырылады.

Түйін сөздер: ішкі сулар, қорғау, трансшекаралық сулар, конвенция, қағида, ластану, комиссия, өзен бассейні.

Zhunusbekova A.Zh.

PhD doctoral student 2 courses in an International Law,
L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Astana, e-mail: aigerim112@mail.ru

Instruments of international law in the sphere of transboundary water protection

In the system of ecological safety, problems in the field of transboundary water protection hold a special place. More than 500 international conflicts have taken place in the world over the past half-century concerning transboundary water resources. The problems of use of transboundary water resources were a source of disagreements in attempts of uncoordinated construction of water objects, transfer of pollution. At the same time, according to the UN, more than 3,600 agreements have been concluded in the history of mankind, most of them related to navigation, borders, fishing, and since the middle of the XIX century more than 400 agreements have been concluded regulating the use of water as a natural resource. The article considers the instruments of international law in the sphere of protection of internal waters and transboundary rivers. The law concerning internal waters belongs to the oldest part of the international ecological law. The first rules containing elements of a regulation of problems of the environment have arisen already in the XVIII century and generally concerned use and protection of the transboundary navigable rivers. In article it is shown the dynamic development of international law concerning transboundary waters in Europe, attention is paid to the basic documents regulating water relations in the sphere of protection of transboundary rivers and also the role of the international

organizations as tools of the international ecological law in the sphere of protection of transboundary waters is considered.

Key words: internal waters, protection, transboundary waters, convention, principle, pollution, commission, river basin.

Жунусбекова А.Ж.

PhD докторант 2 курса специальности «Международное право»,
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Астана, e-mail: aigerim112@mail.ru

Инструменты международного права в сфере охраны трансграничных вод

В системе экологической безопасности проблемы в сфере охраны трансграничных вод занимают особое место. В мире за последние полвека в отношении трансграничных водных ресурсов имело место более 500 международных конфликтов. Проблемы использования трансграничных водных ресурсов были источником разногласий при попытках несогласованного строительства водных объектов, переносе загрязнений. В то же время, по данным ООН, за всю историю человечества заключено более 3600 соглашений, большинство из которых касались судоходства, границ, рыболовства, а с середины XIX века заключено более 400 соглашений, регулирующих использование воды как природного ресурса. В статье рассматриваются инструменты международного права в сфере охраны внутренних вод и трансграничных рек. Право, касающееся внутренних вод, относится к старейшей части международного экологического права. Первые правила, содержащие элементы регламентации проблем окружающей среды, возникли уже в XVIII веке и в основном касались использования и охраны трансграничных судоходных рек. В статье показана динамика развития международного права, касающегося трансграничных вод в Европе, уделено внимание основополагающим документам, регулирующим водные отношения в сфере охраны трансграничных рек, а также рассматривается роль международных организаций как инструментов международного экологического права в сфере охраны трансграничных вод.

Ключевые слова: внутренние воды, охрана, трансграничные воды, конвенция, принцип, загрязнение, комиссия, бассейн реки.

Кіріспе

XXI ғасырдың басында әр түрлі аймақтардағы су объектілерінің, су тасқындарының және судың жетіспеушілігінің ластануы едәуір өсті. Әлем халқының алтыншы бөлігі – бір миллиардтан астам адам таза суға қол жеткізе алмайды. Сондықтан «адамның суға құқығы» үгіті жүргізілді, ал 2003 жыл «тұщы судың халықаралық жылы»¹ деп жарияланды. Траншекаралық суларды қорғау (өзендер, көлдер, жер асты сулары) ерекше қиындықтармен байланысты. Су ресурстарына қатысты даулар көптеген халықаралық қақтығыстар тудырды, мысалы, Түркия мен Сирия, Израиль және Палестина автономиясы арасындағы қақтығыстар. Траншекаралық сулар туралы халықаралық құқық нормалары су және тұщы су экожүйелері атқаратын көптеген функцияларды көрсетеді (McCaffrey, 2001: 514).

Сонымен қатар, ол осы жүйелерге тән зиян түрлерін анықтайды. Ішкі суларға қатысты құқық халықаралық экологиялық құқықтың ең көне бөлігіне жатады және ең толық реттеуді қамтиды.

Ғылыми зерттеу әдістері

Ғылыми мақаланың мақсаты трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мен қорғауда халықаралық құқықтың қалыптасуы, дамуы және қазіргі жағдайының үдерісін қарау, оның ішінде осы саладағы негізгі халықаралық-құқықтық актілердің құқықтық мәртебесін және мазмұнын талдау.

Ғылыми зерттеулердің жалпы мақсатына жету үшін келесі әдістер пайдаланылды: Тарихи талдау әдісі және диалектикалық әдіс – трансшекаралық суларды пайдалану және оларды экологиялық қорғау бойынша мемлекеттердің әдеттегі құқықтық және заңнамалық тәжірибесін қалыптастыру мен дамытуды зерттеуде; жүйелік әдіс – негізгі ұғымдарды анықтау кезінде; салыстырмалы құқықтық әдіс – зерттеу саласындағы

¹ БҰҰ Бас Ассамблеясы 20.12.2000 ж. № 55/196 Қарары.

халықаралық құжаттардың нормаларын және ережелерін талдау кезінде.

Пікірсапап

Траншекаралық суларды қорғау мәселелерін реттеуде халықаралық құқық саласындағы шетелдік және отандық ғалымдардың А.В. Вылегжанин, В.Л. Толстых, М.Х. Stephen C. McCaffrey, Ю.Х. Рысбеков, М.О. Трояновская, М.А. Рязанова еңбектерінде бірқатар пікірталастар болды. Мәселені талқылау нәтижелері аталған ғалымдардың мақалалары, оқулықтары және монографияларында, сонымен қатар диссертациялық жұмыстарында көрініс тапты.

БҰҰ халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес қолдану құқығы туралы Конвенциясы қазіргі кезде трансшекаралық су ресурстарын басқарудың кешенді құқықтық негізін ұсынатын жалғыз құқықтық құжат болып табылады.

Т.Г. Калининченко пікірінше Халықаралық су құқығын көптеген ұйымдар кодификациялауға тырысты: Халықаралық құқық институты, Халықаралық құқық ассоциациясы, Жеке құқықты унификациялау халықаралық институты. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық құқық комиссиясы осы тақырыпты кодификациялауға алған. Халықаралық қауымдастық 1958 және 1982 жылғы Теңіз құқығы туралы БҰҰ конвенциялары сияқты тиісті конвенциялар даярлауы керек. Кодификация қайта қарау, түсіндіру, ескірген нормадан бас тарту, жаңа заң ережелерін қалыптастыру үшін жүзеге асырылуы қажет. Бұдан басқа, дәстүрлі нормалардың шарттық нормаларға айналуы керек (Калининченко, 2005: 33).

К.А. Юлдашева көзқарасы бойынша көптеген елдерде өзендердің трансшекаралық су ресурстарының нақты анықталған мәртебесі жоқ (Юлдашева, 2010).

Нәтижесінде осы мәселені заңды түрде бекіту, трансшекаралық суларды қорғаудың маңызды мәселелері қарастырылатын кешенді құжат қажет. Оны дайындау кезінде трансшекаралық өзен мәселелерін реттейтін халықаралық шарттар туралы мәліметтер базасын жасау, осы шарттардың жіктелуін жасап, олардың тиімділігін талдау; әртүрлі экономикалық және құқықтық құралдарды қолдану арқылы трансшекаралық өзендерді тиімді пайдалану мен қорғау механизмін әзірлеу тәсілдерін анықтау қажет.

Негізгі бөлім

Алғашқы өркениеттердің пайда болуы ірі өзендермен Инд, Ганг, Ніл, Евфрат және Тигр байланысты болды. Ежелгі уақыттың өзінде су ресурстарының шектеулі мөлшерін пайдалану бойынша қақтығыстар пайда болды (Bruhas, 1993: 252).

XVIII ғасырда Еуропа мен Солтүстік Америкадағы өнеркәсіп пен сауданың өркендеуі су кеңістігін қарқынды пайдалануына әкелді. Бұл кезеңде үлкен өзендерде навигацияның өсуі болды. XIX ғасырдың ортасында индустрияландыру мен халықтың өсуі есебінен суды пайдаланудың жаңа түрлері дамыды. Өнеркәсіптік өндіріс және энергия өндірісі үшін суды (өзендер, каналдар, көлдер) пайдалану қажетті шарт болды. Навигация мақсатында су кеңістігін пайдалану саласында Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттары 1794 жылы жүк тасымалдау мәселелері бойынша алғашқы келісімшарт Джей шартына¹ қол қойды.

Л. Оппенгейм – Г. Лаутерпахт айтуынша, Джей Шарты бойынша екі ел де аралас комиссияларға маңызды шекаралық дауларды қарауға, сондай-ақ Ұлыбритания тарапынан теңіздегі әскери қақтығыстардың құқықтарын және АҚШ тарапынан бейтараптық міндеттемелерін орындауға қатысты барлық дауларын беруге уәде берді (Толстых, 2009: 255).

1794 жылы АҚШ пен Ұлыбритания арасындағы достық, сауда және навигация туралы қабылданған Джей туралы келісімге 19 қарашада Лондон арнайы комиссары, АҚШ Жоғарғы Сотының мүшесі Джей және Ұлыбритания Сыртқы істер министрі Лорд Гренвилл қол қойды. Келісімнің мақсаты 1783 жылғы Версаль шартында бірқатар мәселелерді орындамағаны туралы Құрама Корольдіктің және Құрама Штаттардың арасындағы дауларды шешу болды. Джейдің айтуынша, Құрама Штаттар мен Британ аралдарының арасында тасымалдауды жүзеге асыратын екі жақтың кемелері үшін келісімшарт сол режимді орнатқан, алайда Вест-Индиямен сауда жасайтын американдық кемелердің тоннасы 70 тоннаға шектелді. Бұл кемелерге тауарды Батыс Үндістаннан тек Құрама Штаттарға ғана экспорттауға рұқсат етілді. АҚШ-Канада шекарасындағы мүк саудасына рұқсат етілді және Миссисипи өзенінің бойындағы екі жақтың

¹ 19.11.1794 ж. Достық, сауда және теңізде жүзу туралы шарт.

да навигация құқығы бекітілді. 1783 ж. Версаль бейбітшілік шартына сәйкес Құрама Штаттарға шығарылған аумақтарда Ұлыбритания шекараларын тазалауға міндеттеме алды. Келісімде Америка Құрама Штаттарының Канадамен шекараларын және Солтүстік Америкадағы 1775-83 жж. революциялық соғыс кезінде олар келтірген зиянды өтеуге байланысты тараптардың өзара мүліктік және қаржылық талаптарын реттеу үшін аралас англо-американдық комиссияларды құру қарастырылған. Джей келісімі 1795 ж. 24 маусымда АҚШ Сенатымен ратификацияланды, 1795 ж. 28 қазанда күшіне енді.

Джей келісімшартында АҚШ пен Канаданың аумақтық шекарасын анықтау үшін аралас комиссияларды құру, Англиядағы американдық азаматтардың қарызының мөлшерін анықтау және т.б. қарастырды. Егер британдық кемелерге Құрама Штаттардың барлық порттарына кіруге рұқсат етілген болса, американдықтар британдық Вест-Индиямен саудаға тек 70 тоннадан аспайтын кемелерде ғана рұқсат етілді. Кофе, какао, мақта, сірне, қант, кофе, какао тауарларын кіргізуге тыйым салынды. АҚШ-та Джей келісімі наразылық туғызды және келісім толық тең құқылы болған жоқ (Трояновская, 2016).

XVIII ғасырдың аяғында 1792 жылдың қараша айында француз конвенті Шельдт пен Маас өзендеріне қатысты (екеуі де Франция, Бельгия және Нидерланды арқылы өтетін) декрет қабылдады. Француз революциялық үкімет осы қаулыда бірде-бір халықтың әділетсіздік жасамай, өзенді пайдаланудың айрықша құқығын және жоғарыда тұрған тіршілік иелерінің бірдей артықшылықтарға ие болуын болдырмау құқығын өздігінен қолдана алмайтындығын жариялады (Французская буржуазная революция, 1941).

Траншекаралық өзен суларын пайдалану туралы келісім Рейндегі кеме қатынасы бостандығын орнатқан 1814 жылғы Париж бейбітшілік шартында бекітілді, ал 1815 жылғы Вена конгресінің қорытынды актісінде Еуропадағы барлық халықаралық (кеме жүзетін) өзендерде: Эльбе мен Дунай бойында кеме жүзу еркіндігі қағидасы жарияланды. Атап айтқанда, халықаралық өзендерде кеме қатынасы сауда тасымалы үшін ашық болатыны және ешкімге тыйым салынбайтыны қарастырылды. Аумағы арқылы кеме жүзетін өзен өтетін немесе шекара ретінде қызмет ететін елдер осы өзен бойында кеме қатынасының ережелерін бірлесе белгілеу керек болды (Ключников, 1925: 116). Вена

конгресінің қатысушылары трансшекаралық өзендердегі кеме қатынасын реттеу құқығы басқа мемлекеттердің қысымынсыз және араласуынсыз пайда болатын мәселелерді ерікті және әділ негізде шешетін жағалаудағы мемлекеттерге тиесілі деп санады. Бұл жағдай XIX ғ. ортасына дейін сақталды, бірақ содан кейін халықаралық кеме қатынасы өзендерінің құқықтық режимі дамыған капиталистік державалардың қысымы, олардың жағалаудағы мемлекеттердің істеріне араласуы немесе отаршылдықтың кеңею жағдайында бұрынғыдан да орнықтырылды.

Мәселен, отарлау мәселелері бойынша 1884-1885 жылғы Берлин конференциясында 14 мемлекеттің қатысуымен (Германия, Франция, Ұлыбритания, Ресей, Бельгия, Португалия және Құрама Штаттары қоса алғанда) Конго бассейнінде және оның Үнді мұхитқа дейінгі жақын аудандарында сауда және қозғалыс еркіндігі туралы шешім қабылданды. Конго өзенінде кеме қатынасы жөніндегі халықаралық комиссия бекітілді және кеме қатынасы мәселелері реттелінді. Дегенмен, іс жүзінде комиссия құрылмады және сауда кеме қатынасы еркіндігі тек оны құрған отаршылдық күштермен ғана пайдаланылды (Мартенс, 1899: 695).

Халықаралық сот мекемелерінің рөлі трансшекаралық су ресурстары институтын кодификациялауды жеңілдететін халықаралық құқықтық дәстүрді анықтау болып табылады. Бұған мысал – 1929 жылы қаралған Одер өзені бойынша іс болып табылады (Permanent court of...).

1929 жылы Халықаралық әділ соттың тұрақты Палатасы Одер бойынша комиссия туралы іс бойынша шешімде шектес мемлекеттердің кеме қатынасына қатысты мүдделері «жалпы құқықтың негізі» болып табылатынын анықтады, ол бойынша өзенді барлық ағысы бойынша қолдануда барлық жағалау мемлекеттерінің толық теңдігі және бір жағалау мемлекеттерінің басқаларымен салыстырғандағы кез келген артықшылықтарын алып тастау керектігі айтылды (№ 5, 23, 27 шешімдері). Бүгінгі күні ірі еуропалық өзендерде кеме қатынасы еркіндігі халықаралық құқықпен қамтамасыз етілген. Траншекаралық суларды кеме қатынасына емес мақсатта пайдалану жиі қақтығыстарды тудырады. Аймақтың климаттық жағдайы және әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарай сандық (суды жинау) немесе сапалы мәселелер (судың ластануы) алдыңғы қатарға шығарылады. Сандық мәселелер бойынша әдеттегі қақтығыс өзеннің жоғарғы ағысындағы мемлекеттің өзеннің төменгі жағындағы

мемлекеттердің зарарына суды бөгеуі болып табылады.

Қолдану мен қорғауға қатысты қарама-қайшы мүдделердің теңдігіне қатысты қағидалар сапаға (судың ластануы) қатысты сұрақтар бойынша дауларды шешу процесінде пайда болды: елеулі трансшекаралық зиян келтіруге тыйым салу 1937 ж. Маас өзені бойынша делимитациялау туралы іс бойынша Халықаралық әділ соттың тұрақты палатасының шешімінің және 1957 ж. Лану көлі ісі бойынша арбитражды шешімінің пәнін құрады. Трансшекаралық су ресурстарын тұрақты бірлесе қолдану қағидасы федеративті негізде құрылған мемлекеттерде, мысалы Швейцария¹, АҚШ², Германияда³ шиеленістерге қатысты сот шешімдерінде көрсетілген. Бұл қағиданың халықаралық құқықпен мойындалуы оның заңды міндеттемейтін 1966 ж. Халықаралық өзендер суларын қолдану Хельсинки ережелерінде бекітілуіне мүмкіндік берді⁴ (Рысбеков, 2011).

Залал келтірмеу және трансшекаралық су ресурстарын тұрақты бірлесе қолдану қағидасы 1997 ж. БҰҰ Халықаралық су ағындарын қолданудың кеме жүрмейтін түрлері құқығы туралы Конвенциясында кодификацияланды (Convention on the..., 1997). Сонымен қатар БҰҰ Халықаралық сотының Габчиково-Надьмарош жобасы туралы дау бойынша шешімінде расталды⁵.

1977 жылы Чехословакия мен Венгрия арасындағы Өзара экономикалық көмек жөніндегі кеңес шеңберінде Дунайдағы құрылыс туралы келісімге және болашақта Габчиково (Чехословакия) және Надьмарош (Венгрия) қалаларында өзара байланысты екі гидроэлектростанция кешенін бірлесе пайдалану туралы келісімге қол қойылды. 1988 жылы Венгрия үкіметі жобаның өз бөлігін орындаудан бас тартты, ал 1989 жылы Венгрия жобадан шығады. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі кеңес ыдырағаннан кейін Словакия Дунайды біржақты тәртіппен жауып тастады және Гавчиководағы ГЭС-тің бөлігінде қаттығысты тудырды (Краткое изложение решений..., 2006).

XX ғ. 90-жылдардың басында, социалистік лагерь құлағаннан кейін және Өзара экономика-

лық көмек жөніндегі кеңес таратылғаннан кейін, Надьмарош-Габчиководағы гидроэлектростанциялар кешені құрылысының айналасында жанжалды жағдай пайда болды. Венгрия мен Чехословакия бір-біріне экологиялық, экономикалық, саяси сипаттағы, тіпті мемлекеттік шекараның өту сызығын (Словакияның пайдасына) өзгерту талабына дейін әртүрлі өзара талаптарды көрсете бастады. Словакиядағы гидроэлектростанция құрылысы Словакия мен Венгрия арасындағы қарым-қатынастарындағы терең дағдарысқа себеп болды. Словакияның гидроэнергетикалық орталығын іске қосқаннан кейін, Братислава мен Будапешт арасындағы дау ұзаққа созылған халықаралық қаттығысқа айналды. 1992 ж. Венгрия Словакияға Халықаралық Сотқа, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесіне, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне шағым берді. Габчиково-Надьмарош ісі Халықаралық сот қарауға қабылдаған халықаралық «су даулары» арасындағы алғашқы іс болды (Рысбеков, 2009: 84 б).

Бұл іс жалпы табиғи ресурстарды бірлесе қолдану тұжырымдамасына маңызды үлес қосты. Сот атап өткендей, Чехословакия бірлескен ресурсты біржақты бақылауды жүзеге асыру арқылы халықаралық құқықты бұзды және Венгрияны Дунай өзенінің табиғи ресурстарын пайдалануда әділ және негізді үлесті алу құқығынан айырды (Вилегжанин, 2012: 330).

XIX ғасырда суды қорғаудың сандық және сапалық аспектілері бойынша бірқатар мемлекетаралық келісімдер жасалған соң, XX ғасырда халықаралық келісімдер саны тұрақты өсті. Солтүстік Америкада негізінде Халықаралық біріккен комиссия құрылған 1909 жылғы 11 қаңтардағы шекара сулары туралы шарт шекаралық суларға қатысты АҚШ пен Канада арасындағы ынтымақтастықтың институционалдық негізін орнатты⁶ (Utton, 1991).

Еуропадағы маңызды серпін Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Рейндегі жағалау мемлекеттердің ынтымақтастығы нәтижесінде туындаған.

Швейцариядан ағысы басталатын Рейн бассейні Боден көлі арқылы өтіп, 1320 км-де Солтүстік теңізге құяды, тоғыз елде 50 миллион адам тұрады. XIX ғасырда арнасы түзетіліп және каналдармен байланыстырылған өзен XX ғасырдың ортасында ластанудың өте жоғары

¹ 1878 ж. және 1892 ж. Швейцарияның Федеративті соттарының шешімдері туралы

² Канзас және Колорадо штаттары арасындағы дау

³ 1927 ж. Дунайдың жер астына кетуі туралы дау бойынша Веймар Республикасы Конституциялық соты шешімі

⁴ 1966 ж. Хельсинкиде өткен елу екінші Конференция есебі

⁵ БҰҰ Халықаралық сотының № 92 шешімі

⁶ 1909 ж. 11 қаңтардағы АҚШ пен Канада арасындағы шекараласу туралы АҚШ пен Ұлыбритания арасындағы шарт

деңгейіне жетті. 1950 жылы одан әрі ластанудың алдын алу мақсатында Рейнді ластанудан қорғау жөніндегі Халықаралық комиссия құрылды. Құрамында Швейцария, Франция, Германия, Люксембург және Нидерланды бар жағадағы мемлекеттермен құрылған бұл бейресми орган 1963 жылы ресми мәртебеге ие болды¹.

1979 жылы күшіне енген Рейнді химиялық ластанудан қорғау туралы конвенция белгілі бір зиянды заттардың шығарылуын азайту арқылы судың сапасын жақсартуға ұмтылды (Lammers, 1984).

Алайда Конвенция үмітті ақтамады. Әсіресе, зиянды деп жіктелген заттардың барынша рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қиынға соқты (Nollkaemper, 1996).

Рейн бассейніндегі ынтымақтастық Рейннің өзін қорғауымен шектелмейді. 1960 жылдардың басында Боден, Мозель және Саар өзендері бойынша халықаралық комиссиялар құрылды. Комиссия жағадағы мемлекеттердің суды ластанудан қорғау және Рейн бассейніндегі басқа комиссиялармен ынтымақтастық жөніндегі қызметін үйлестіреді.

Германия, Франция және Люксембург жағадағы мемлекеттер ретінде 1961 жылы Мозельді ластанудан қорғау жөніндегі халықаралық комиссия құрған болатын. Сонымен қатар, Германия мен Франция тиісті комиссия құру бойынша Саар туралы бірдей хаттамаға қол қойды. Суларды қорғау бойынша бірлескен қызметті, атап айтқанда, басқа ұйымдармен үйлестіруді жетілдіру мақсатында, 1991 жылы екі комиссия Трирде бірлескен хатшылық құрды.

Боден көлінің бассейні Германияның, Австрияның, Швейцарияның, Лихтенштейннің және Италияның аумағында орналасқан. Көлдің аумақтық мәртебесі толығымен реттелмеген, дегенмен жағадағы мемлекеттер суды қорғауға да қатысы бар бірқатар келісімдерде пайдалану режимін анықтады. Боден көлінің суларын қорғау жөніндегі халықаралық комиссия 1959 жылы Боден көлін ластанудан қорғау туралы Келісім негізінде құрылған. Келісім 1961 жылы күшіне енген Комиссия 1967 жылы Боден көлін санитарлық қорғау жөніндегі директивалар дайындады, олар үнемі жаңарып отырды (Lake Constance/Bodensee...).

Германия, Австрия және Швейцария 1966 жылы Боден көлінен Су алуды реттеу туралы келісімде сандық көрсеткіштерді

анықтады. 1973 жылы Германия, Австрия және Швейцария арасында жасалған Боден көлі бойынша кеме қатынасы туралы келісім қосымша ластау көздерін реттеуді көздейді. Осы Келісімнің негізінде, Боден көлі бойынша кеме қатынасының халықаралық комиссиясы құрылды. Сонымен бірге, Швейцария мен Германия Констанц пен Шаффхаузен арасындағы Төменгі көл және Рейн бойынша кеме қатынасы туралы келісіміге қол қойды (Transboundary Rivers and..., 1996)

Алғашқы проблемалар 1986 жылы 1 қарашада Базельге жақын химиялық заттар қоймасында өрт шыққан кезде және Рейнде бірнеше тонна улы заттардың өртті сөндіру суымен бірге Рейнде қалуы кезінде пайда болды, нәтижесінде өзен экожүйесі ұзындығы 200 км зақымдалды.

Апаттан кейін әзірленіп 1987 жылдың 1 қазанында қабылданған, сондай-ақ, Мозель мен Саарға дейін таралған «Рейн іс-қимыл бағдарламасы», жағадағы мемлекеттер алдына нақты мақсаттар қойды. Өзен экожүйесінің жағдайын бұрын мекендеген түрлерді, мысалы, албыртты қайтадан Рейнде пайда болатындай қалпына келтіру керек болды. Сонымен қатар, өзен ауыз су көзі болуға тиіс болды. Бағдарлама өзендегі шөгінділердегі зиянды заттардың құрамын азайтуды да мақсат етті. Осы міндеттерді орындау «Албырт 2000» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды.

1986 жылғы 1 қарашада Еуропадағы ең ірі экологиялық апаттардың бірі Рейнде болды. Швейцарияның Базель қаласындағы Сандос химия зауытында өрт 30 тонна пестицидтер, сынап және басқа да ауылшаруашылық химия өнімдерін өзенге шығаруға әкелді. Рейн қызыл түске ие болып, өзен аймағындағы адамдарға үйден кетуге тыйым салынды, Германияның кейбір қалаларында су құбырлары жабылды. Ластану 10 күн ішінде Солтүстік теңізге жетіп, нәтижесінде, кейбір бағалаулар бойынша, жарты миллион балық қаза болды, кейбір түрлері мүлдем жоғалып кетті.

Қоғамдық қарқынды әсерден кейін, 1987 жылы 2000 жылға дейін есептелген «Рейн іс-қимыл бағдарламасы» қабылданды. Сондай-ақ ол «Албырт 2000» деп аталды, себебі ол осы күнге дейін сезімтал балықты өзенге қайтаруға бағытталған болды. Биліктің белсенді іс-әрекеттерінің нәтижесінде өзенге шығарылатын нитраттар мен фосфордың мөлшері 50%-ға, ал кейбір басқа ластану 80%-дан 100%-ға дейін төмендеді. Албырт 1997 жылы өзенге қайта оралды. Қазіргі кезде «Рейн-2020» бағдарламасы

¹ Рейнді ластанудан қорғау жөніндегі Халықаралық комиссия құру туралы Берн келісімі

өзенді жүзу үшін жеткілікті түрде тазартуға бағытталған (Буровский, 2015: 450).

«Рейн» және «Албырт 2000» іс-қимыл бағдарламалары өз мақсаттарына қол жеткізді және оларды ішінара асырды. Бағдарламаларды жүзеге асыруға заңды міндеттемелердің жоқтығын өтеп, су қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың жаңа бағдарларына ықпал еткен ең күшті саяси қысым көмек берді.

Қазіргі уақытта трансшекаралық ағындарды пайдалану мен қорғауды реттейтін екі әмбебап халықаралық құжат қабылданды. Оларға 1992 жылғы Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция, 1997 жылы Халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес қолдану құқығы туралы конвенция жатады.

Көпжақты халықаралық шартқа БҰҰ ЕЭК 1992 жылғы Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция жатады. Конвенция 1996 жылы 6 қазанда күшіне енген және оның аймақтық бағытта болуына қарамастан (аймақтағы 56 ел), 2003 жылдан бастап басқа өңірлердегі мемлекеттердің Конвенцияға қосылуға жол берілетіндіктен ол әмбебап деп аталына алады (Convention on protection..., 1992)

Рамолық конвенция қатысушы мемлекеттерді тұрақты даму тұжырымдамасын дамытатын трансшекаралық суларға қатысты белгілі бір принциптер мен шараларды жүзеге асыруды міндеттейді. Осы негізде он жыл аясында субаймақтық деңгейде келісімдер бекітілген: Маас (1994 және 2002), Шельдт (1994), Дунай (1994), Одер (1996) өзендері, португалдық-испандық шекара сулары бойынша (1998 ж.) және Рейн (1999) өзені бойынша конвенциялар мен келісімдер. Бұл құжаттардың жинағына Эльбаны қорғау жөніндегі халықаралық комиссия туралы келісім¹, Германияның Нидерланды, Польша және Чехиямен жасасқан шекаралық су туралы келісімдері жатады.

Дүниежүзілік денсаулық ұйымымен бірлесе Трансшекаралық ағын сулар мен халықаралық көлдерді қорғау және қолдану туралы 1992 жылғы Конвенцияға Су мен денсаулық туралы хаттамаға қол қойылды. Хаттамаға 1999 жылы 36 мемлекет қол қойды. (Bosnjakovic, 2009). БҰҰ ЕЭК Су ағындары туралы Конвенциясына қатысушылардың тұрақты ынтымақтастығы Женевадағы хатшылықтың қолдауымен жүзеге

асырылады. Осы Конвенцияның негізінде халықаралық форумдар мен сараптамалық бірлестіктердің тиімді жүйесі құрылды.

XXI ғ. күн тәртібінде экожүйелерді қорғауға бағытталған шаруашылық ауқымда суды кешенді пайдалануды дамыту туралы талап ұсынылған болатын. Су экожүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін су ресурстарын кешенді басқару су қоймасына тұтастай алғанда қолданылуы керек.

1992 жылғы БҰҰ ЕЭК Су ағындары туралы Конвенциясының 2-бабының 6-тармағына сәйкес су ағыны ғана емес, сонымен бірге оның қоршаған ортасы да қорғауға жатады (Convention on protection..., 1992). Дунайды қорғау жөніндегі конвенцияның пәні өзеннің бүкіл гидрологиялық аумағы яғни өзен бассейнінің экожүйесі болып табылады. Рейнді қорғау туралы конвенцияның ауқымы өзеннің негізгі ағынын, сондай-ақ онымен байланысты жер асты суларын қамтиды.

Кешенді көзқарасқа сәйкес, БҰҰ ЕЭК Рамолық конвенциясы мен оған негізделген арнайы келісімдер судың әртүрлі антропогендік қысымын реттеуге бағытталған. Судың сапасын жақсарту арқылы теңіз ортасын қорғау қамтамасыз етілуі тиіс. Конвенциялар су көздерін ұтымды пайдалану және сақтау туралы міндеттемелерді қамтитындықтан сандық аспектілерді де қозғайды.

БҰҰ ЕЭК Конвенциясының 9-бабының 2-тармағының ұсынысы жағадағы мемлекеттердің бірлескен органдарын құруды көздейді. Суды қорғау жөніндегі халықаралық комиссиялардан басқа, мысалы, Эльба, Маас, Шельда және Одер, Дунайды қорғау жөніндегі Халықаралық комиссия (Дунай туралы Конвенция) және Рейнді қорғау жөніндегі Халықаралық комиссия (Рейн туралы Конвенция) құрылған.

Еуропалық одақта 2000 жылы 22 желтоқсанда Су саясаты туралы Рамолық директива күшіне енді². Ол жерасты суларын қоса алғанда аумақтағы барлық су объектілеріне қолданылады. Директива ЕО-қа мүше мемлекеттердің су заңнамаларын түбегейлі өзгерістуге бағытталған. Ол жер үсті суларын, жағадағы теңіз суын және жер асты суларын қорғаудың рамолық рәсімін белгілейді. Директиваның мақсаты функционалдық әртүрлілікті ескере отырып, оны кешенді пайдалану (Директива Европейского парламента..., 2000)

¹ 1990 ж. 8 қазандағы Эльбаны қорғау бойынша Халықаралық комиссия туралы келісім

² 2000 ж. 23 қазандағы Еуропа Парламенті мен Кенесінің 2000/60/EG Директивасы Қауымдастықтың су саясаты саласындағы қызмет шегін бекітті

Еуропадан тыс трансшекаралық суларды қорғау туралы халықаралық құқық аз серпінді дамыды. Бірнеше ондаған жылдарға созылған Халықаралық құқық Комиссиясы шегіндегі келіссөздер нәтижесінде, 1997 жылы Халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес қолдану құқығы туралы конвенция қабылданды (Convention on the..., 1997). ЕО қосқанда 35 мемлекетпен ратификациялаған БҰҰ ЕЭК су ағындары туралы Конвенция трансшекаралық суларды пайдалану кезіндегі әрбір тараптың міндеттерін (2-8-бап), сондай-ақ трансшекаралық су ағыны бір жағалау аймағында шекаралас мемлекеттер ретіндегі тараптардың міндеттерін саралайды (9-16 бап-тар) (Convention on the..., 1997).

35 мемлекет – Конвенцияның 36-бабы 1-тармағының ережелеріне сәйкес күшіне ену үшін қажетті ратификациялаудың ең аз саны. Қазіргі уақытта Конвенцияның қатысушылары: Скандинавия елдері, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер (Венгрия, Германия, Греция, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Франция), еуропалық мемлекеттер (Ұлыбритания, Ирландия, Черногория, Таяу Шығыс елдері (Иордания, Ливан, Катар, Йемен), бірқатар африкалық мемлекеттер, сондай-ақ Орталық Азияның бір мемлекеті – Өзбекстан болып табылады.

Аталған Конвенция 1997 жылы қабылданғаннан соң 17 жыл өткеннен кейін 2014 жылдың 17 тамызында күшіне енді. 1997 жылы Конвенция кодификациялау актісі ретінде бұрын әдеттегі құқық, жұмсақ құқық, іс жүргізу құқығы актілері және халықаралық құқықтың жекелеген жалпы қағидалары түрінде қолданылған су ағындарын қорғау мен пайдаланудың әр түрлі ережелерін жинақтайды (Рязанова, 2016)

1997 ж. Халықаралық конвенциядан басқа трансшекаралық суларды қорғауды көздейтін аймақтық келісімдерге: 1978 жылғы 22 қарашадағы АҚШ пен Канада арасындағы Ұлы көлдерде судың сапасы туралы келісім; 1978 жылғы 3 шілдедегі Боливия, Бразилия, Колумбия, Эквадор, Гайана, Перу, Суринам және Венесуэла арасындағы Амазон өзенінің бассейнінде ынтымақтастық туралы келісім; 1979 жылғы 19 қазанда Паранадағы Аргентина, Парагвай және Бразилия арасындағы ГЭС-ның бірлескен құрылысы туралы үкімет келісімі; 1987 жылғы 28 мамырдағы Ботсвана, Мозамбик, Танзания, Замбия және Зимбабве арасында ортақ Замбези өзенінің жүйесін экологиялық ұтымды басқару бойынша іс-шаралар жоспары туралы

келісім, 1996 жылғы 2 желтоқсандағы Бангладеш пен Үндістан арасындағы Фараккедағы Ганг өзенінің суларын бірлесе қолдану туралы шарт жатады.

Трансшекаралық суды басқаруға бірнеше халықаралық ұйымдар үлес қосады. Халықаралық су ассоциациясы (International Water Association) Ұлыбританияда құрылған және оған шамамен 130 мемлекет (олардың ұлттық комитеттері арқылы), 750-ден астам ұйым және 9 мыңға жуық жеке адам қатысады. Оның мақсаты тұщы су қоймаларының жағдайын жақсарту. Ол ауыз сумен қоса, сумен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету, жалпы су сапасын басқару мәселелерімен айналысады. Қауымдастықтың айрықша құзыреттілігі саласында ең жаңа басқару технологияларын жасау және енгізу, қоршаған ортаны бақылау және халықаралық өзендердің жалпы мәселелерін жариялау болып табылады. Қауымдастықтың құзыретіне кіретін басқа да мәселелер су ресурстарын басқару бойынша БҰҰ-ның уәкілетті ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасау, Дүниежүзілік су кеңесіне (World Water Council), Дүниежүзілік су әріптестігі бағдарламасына (Global Water Partnership) және Сумен қамтамасыз ету және суды тазалау бойынша консультативтік кеңестің (Collaborative Council on Water Supply and Sanitation) жұмысына қатысу болып табылады. Қауымдастық су ресурстарын басқарумен айналысатын негізгі халықаралық қауымдастықтардың арасындағы топтарды байланыстыратын Су ресурстары бойынша қауымдастықтардың өзара әрекеті жөніндегі халықаралық комитеттің құрылтайшысы болды (International Water Association...). Су бойынша халықаралық зерттеу қауымдастығы (International Water Resources Association) 1971 жылы құрылған және су шаруашылығын басқару мәселелерімен айналысады, бұл басшылықтың барлық аспектілеріне – биологиялық және химиялықтан бастап институционалдық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге дейін назар аударады. Ол Халықаралық су журналын (Water International Journal – WIN) жариялайды (International Water Resources...) Еуропалық су ассоциациясы (European Water Association) 1981 жылы су ресурстарын басқару мен жақсартуға және су ресурстарын пайдаланудың барлық мәселелеріне арналған тәуелсіз үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйым ретінде құрылды. Оның жұмысына Орталық және Шығыс Еуропаның барлығына жуық мемлекеттерінің өкілдері, соның ішінде ЕО, Норвегия және

Швейцария, сондай-ақ бұрынғы КСРО елдерінің көпшілігі қатысады. Ассоциацияның мақсаты – су ресурстарын басқару мәселелері бойынша конференцияларды, кездесулерді және жұмыс топтарын ұйымдастыру арқылы соңғы техникалық және басқарушылық әзірлемелер туралы ақпарат беру. Ол Еуропалық су ресурстарын басқару журналын шығарады және Еуропалық қоршаған ортаны қорғау агенттігінің Еуропа бойынша Бас директорымен, Еуропалық стандарттау жөніндегі комитетімен, Еуропалық қоршаған орта агенттігімен және Еуропалық парламентпен бірлесе байланыс жасай отырып жұмыс атқарады. Қауымдастық құрамына еуропалық елдердің 29 ұлттық бірлестігі кіреді (European Water Association...). Халықаралық су шаруашылығы институты – дамушы елдерде су шаруашылығын басқару және су ресурстарын ауыл шаруашылығында қолдану мәселелерімен айналысатын ғылыми-зерттеу ұйымы (International Water Management...). Траншекаралық су ресурстары мәселесін шешуге бағытталған қызметте басты орынды БҰҰ-ның шеңберінде қабылданған Жаһандық су серіктестігі халықаралық бағдарламасы (Global Water Partnership) алады. Оның қызметі су бойынша трансшекаралық бастамаларды, соның ішінде трансшекаралық су ресурстарын тиімді басқару жүйесін тереңдете құруға бағытталған (Transboundary Cooperation...). Осыған байланысты Ніл өзенінің бассейні маңызды, өйткені оның аумағында көптеген елдер орналасқан: Бурунди, Конго, Египет, Эритрея, Эфиопия, Кения, Руанда, Судан, Танзания, Уганда, сондай-ақ, Ангола, Ботсвана, Лесото, Маврикий, Мозамбик, Намибия, Свазиленд, Танзания, ОАР, Замбия және Зимбабвені қосатын Оңтүстік Африка мемлекеттерінің достығы. Траншекаралық су ресурстары мәселелерімен басқа да ұйымдар, соның ішінде ЮНЕСКО, Дүниежүзілік банк, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, түрлі институттар, қорлар және т.б. айналысады. XX ғасырдың соңғы онжылдығында осы ұйымдардың көпшілігі жұмысын кеңейтуге, бірлестіктерге біріктіруге және т.б. тенденциясы байқалды. Себебі, бүгінгі күні үнемі ақпарат алмасусыз ресурстарды басқарудың өзекті

мәселелерімен айналысу қиынға соғуда. Сонымен қатар, бүгінгі күні осы ұйымдардың алдында тұрған проблемалар өткен мәселелермен салыстырғанда әлдеқайда күрделі.

Қорытынды

Көптеген мәселелер, мысалы, XX ғасырдың ортасы – гидроэлектростанциялардың құрылысы, навигация және басқалары – қазір көптеген өңірлерде шешілген немесе олар бойынша нақты әзірленген өзара әрекеттесу құрылымы бар. Бүгінгі проблемалар – ағынды суларды бақылау, сумен жабдықтауды, суды және жағалаудағы аудандардың ластануы барлық мүдделі мемлекеттер мен білікті мамандардың қатысуын талап етеді. Сонымен бірге трансшекаралық су ресурстарын басқарудың, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық мәселелердің барлық аспектілері бойынша ынтымақтасу қажет. Осы себепті трансшекаралық су ресурстарын басқарумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың болуы заңды және негізді болып көрінеді.

Қазіргі заманғы халықаралық құқық теоретиктерінің пікірінше, БҰҰ халықаралық су ағындарын кеме қатынасына емес қолдану құқығы туралы Конвенциясы «трансшекаралық су ресурстарын басқарудың кешенді құқықтық негізін ұсынатын жалғыз құқықтық құжат» болып табылады (Калининченко, 2005: 33). Ол ортақ су ағындарына қатысты мемлекеттердің әрекетін анықтайтын екі негізгі қағиданы белгілейді – әділ және ұтымды пайдалану және шекаралас мемлекетке елеулі зиян келтірмеу міндеті.

Су бақылау арқылы елдің экономикасын және әлеуметтік саласын табысты модернизациялауға мүмкіндік беретін маңызды геоэкономикалық және стратегиялық даму ресурсы болып табылады.

Елдер арасындағы су қатынастарын реттеу экономикалық және экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан өте маңызды. Бұл міндет өзендердің су балансын сақтауға, трансшекаралық ағын су ресурстарын бірлесе пайдалану мен қорғауда ортақ ұстанымды қалыптастыруға, олардың ластануына және сарқылуына жол бермеуге бағытталуы керек.

Әдебиеттер

- Stephen C. McCaffrey. The Law of International Watercourses: Non-navigational Use. Oxford University Press, 2001, 514.
 Калининченко Т.Г. Халықаралық су құқығын қалыптастыру және дамыту // Экологиялық құқық. – 2005. – №6 – б. 33
 Юлдашева К.А. Правовой режим трансграничных рек в соответствии с современным международным правом [Электрон.ресурс]. – 2010. – URL:

- <http://www.eecca-water.net/content/view/869/52/lang,russian/> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- J. Bruhac. *The Law of Non-navigational Uses of International Watercourses*, 1993, 9. 252
- Толстых В.Л. Халықаралық құқық курсы: оқулық. – М.: Волтерс Клувер, 2009. – 473 б.
- Трояновская М.О. Джея договор 1794 года [Электрон.ресурс]. – URL: <http://knowledge.su/d/dzheya-dogovor-1794-goda> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Французская буржуазная революция. – М., 1941. – 540 б.
- Ключников Ю., Сабанин А. Международная практика новейшего времени в договорах, нотах и декларациях. Ч.1. – М., 1925. – 116 б.
- Мартенс Ф.Ф. Собрание трактатов и конвенций, заключенных Россией с иностранными державами // Т.8. – СПб., 1899. 695-725 б.
- Permanent court of international justice. Case relating to the Territorial Jurisdiction of the International Commission of the river Oder [Электрон.ресурс]. – URL: http://www.worldcourts.com/pcij/eng/decisions/1929.08.15_river_oder1_annex_2_to_1929.09.10_river_oder.htm (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Рысбеков Ю.Х. О двух «водных» Конвенциях ООН. [Эл.ресурс]. – 2011. – URL: http://www.cawater-info.net/6wwf/conference_tashkent2011/files/discussion_note_2_wat_conv_rus.pdf (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Convention on the Law of the Non-navigational Uses of International Watercourses 21.05.1997 (ILM 36 [1997] 700) [Электрон.ресурс]. – URL: http://legal.un.org/ilc/texts/instruments/english/conventions/8_3_1997.pdf (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Краткое изложение решений консультативных заключений и постановлений Международного Суд 1997-2002 года [Электрон.ресурс]. – 2006. – URL: http://legal.un.org/icjsummaries/documents/russian/st_leg_serf1_add2.pdf (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Рысбеков Ю.Х. Халықаралық өзендердегі трансшекаралық ынтымақтастық: мәселелер, тәжірибе, дәрістер, сарапшылар болжамдары. – В.А. Духовный ред. – Ташкент: НИЦ МКВК, 2009. – 84 б.
- Международное право. Практикум / Под ред. А.Н. Вылегжанина, А.Я. Капустина, М.Н. Копылова. – М., 2012. – 330-335 б.
- Utton. *Canadian International Waters* // Beck (Hrsg). *Waters and Water Rights*, Vol V, 1991, 51.
- J. Lammers. *Pollution of International Watercourses*, 1984, 187.
- A. Nollkaemper. *The River Rhine: From Equal Apportionment to Ecosystem Protection*, RECIEL 5 (1996) 152 (155).
- Lake Constance/Bodensee [Электрон.ресурс]. – URL: http://www.worldlakes.org/uploads/constance_30sep04.pdf (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Transboundary Rivers and International Lakes [Электрон.ресурс]. – 1996. – URL: http://www.iwacportal.org/File/downloads/nota_95_064.pdf (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Буровский А.М., Якуцени С.П. Саяси экология: оқулық. – М.: Литагент «Директмедиа», 2015. – 450 б.
- Convention on protection and use of cross-border water currents and international lakes 1992 [Электрон.ресурс]. – URL: <https://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/water/pdf/watercon.pdf> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Branko Bosnjakovic. *Regulation of International Watercourses under the UN/ECE Regional Agreements* [Электрон.ресурс]. – 2009. – URL: <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/02508060008686869> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Директива Европейского парламента и Совета Европейского Союза № 2000/60/ЕС от 23 октября 2000 года [Электрон.ресурс]. – URL: <http://www.caresd.net/iwrm/new/doc/direct.pdf> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Рязанова М.А. Халықаралық су ағындарын навигациялық емес пайдалану туралы 1997 жылғы БҰҰ Конвенциясының халықаралық су құқығын кодификациялаудың жаңа кезеңі ретінде күшіне енуі. Құқық салалары аналитикалық порталы [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: <http://xn----7sbbaj7auwnffhk.xn--p1ai/article/15565> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- International Water Association [Электрон.ресурс]. – URL: <http://www.iwanetwork.org/about-us/> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- International Water Resources Association [Электрон.ресурс]. – URL: <https://www.iwra.org/about-us/> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- European Water Association [Электрон.ресурс]. – URL: <http://www.ewa-online.eu/who-we-are.html> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- International Water Management Institute [Электрон.ресурс]. – URL: <http://www.iwmi.cgiar.org/about/who-we-are/> (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)
- Transboundary Cooperation [Электрон.ресурс]. – URL: https://www.gwp.org/en/we-act/themesprogrammes/Transboundary_Cooperation/ (жүгінген күн: 21.02.2018 ж.)

References

- A. Nollkaemper. *The River Rhine: From Eequal Apportionment to Ecosystem Protection*, RECIEL 5 (1996) 152 (155).
- Branko Bosnjakovic. *Regulation of International Watercourses under the UN/ECE Regional Agreements* [Elektron.resurs]. – 2009. – URL: <https://shhshhshh.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/02508060008686869> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Burovskij A.M., Jakuceni S.P. Sajasi ekologija: oqulyk. – M.: Litagent «Direktmedia», 2015. – 450 b.
- Convention on protection and use of cross-border water currents and international lakes 1992 [Elektron.resurs]. – URL: <https://shhshhshh.unece.org/fileadmin/DAM/env/shhater/pdf/shhatercon.pdf> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Convention on the Law of the Non-navigational Uses of International Watercourses 21.05.1997 (ILM 36 [1997] 700) [Elektron.resurs]. – URL: http://legal.un.org/ilc/texts/instruments/english/conventions/8_3_1997.pdf (zhugingen kun: 21.02.2018)

- Direktiva Evropejskogo parlamenta i Soveta Evropejskogo Sojuza № 2000/60/ES ot 23 oktjabrja 2000 goda [Elektron.resurs]. – URL: <http://shhshhshh.caresd.net/ishhnm/neshh/doc/direct.pdf> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- European Water Association [Elektron.resurs]. – URL: <http://shhshhshh.eshha-online.eu/shhho-shhe-are.html> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Francuzskaja burzhuaznaja revoljucija. M. 1941. b.540
- International Water Association [Elektron.resurs]. – URL: <http://shhshhshh.ishhanetshhork.org/about-us/> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- International Water Management Institute [Elektron.resurs]. – URL: <http://shhshhshh.ishhmi.cgiar.org/about/shhho-shhe-are/> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- International Water Resources Association [Elektron.resurs]. – URL: <https://shhshhshh.ishhra.org/about-us/> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- J. Bruhac. The Law of Non-navigational Uses of International Watercourses, 1993, 9. 252
- J. Lammers. Pollution of International Watercourses, 1984, 187.
- Kalinichenko T.G. Halykaralyk su kutygyn kalyptastyru zhane damytu // Ekologijalyk kutyk. – 2005. – №6 – b. 33
- Kljuchnikov Ju., Sabanin A. Mezhdunarodnaja praktika novejshego vremeni v dogovorah, notah i deklaracijah. Ch.1.M.1925. 116 b.
- Kratkoe izlozhenie reshenij konsul'tativnyh zakljuchenij i postanovlenij Mezhdunarodnogo Suda 1997-2002 goda [Elektron.resurs]. – 2006. – URL: http://legal.un.org/icjsummaries/documents/russian/st_leg_serf1_add2.pdf (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Lake Constance/Bodensee [Elektron.resurs]. – URL: http://shhshhshh.shhorlldlakes.org/uploads/constance_30sep04.pdf (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Martenc F.F. Sobranie traktatov i konvencij, zakljuchennyh Rossiej s inostrannymi derzhavami // T.8. Spb., 1899. 695-725 b.
- Mezhdunarodnoe pravo. Praktikum / Pod red. A.N. Vylegzhanina, A.Ja. Kapustina, M.N. Kopylova. 2012, 330-335 b.
- Permanent court of international justice. Case relating to the Territorial Jurisdiction of the International Commission of the river Oder [Elektron.resurs]. – URL: http://shhshhshh.shhorlldcourts.com/pcij/eng/decisions/1929.08.15_river_oder1_annah_2_to_1929.09.10_river_oder.htm (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Rjanzanova M.A. Halykaralyk su agyndaryn navigacijalyk emes pajdalanu turaly 1997 zhylygy BUU Konvencijasynyn halykaralyk su kutygyn kodifikacijalady zhana kezeni retinde kushine enui. Kutyk salalary analitikalyk portaly [Elektron.resurs]. – 2016. – URL: <http://hn----7sbbaj7aushhffhk.hn--plai/article/15565> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Rysbekov Ju.H. Halykaralyk ozenderdegi transshekaralyk yntymaktastyk: maseleler, tazhiribe, darister, sarapshylar bolzhamdary. – V.A. Duhovnyj red. – Tashkent: NIC MKVK, 2009. – 84 b.
- Rysbekov Ju.H. O dvuh «vodnyh» Konvencijah OON. [Elektron.resurs]. – URL: http://shhshhshh.cashhater-info.net/6shhshhf/conference_tashkent2011/files/discussion_note_2_shhat_conv_rus.pdf (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Stephen C. McCaffrey. The Law of International Watercourses: Non-navigational Use. Oxford University Press, 2001, 514.
- Transboundary Cooperation [Elektron.resurs]. – URL: https://shhshhshh.gshhp.org/en/shhe-act/themesprogrammes/Transboundary_Cooperation/ (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Transboundary Rivers and International Lakes [Elektron.resurs]. – 1996. – URL: http://shhshhshh.ishhacportal.org/File/doshhloads/nota_95_064.pdf (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Tolstyh V.L. Halykaralyk kutyk kursy: okulyk. – M.: Volters Kluver, 2009. – 473 b.
- Trojanovskaja M.O. Dzheja dogovor 1794 goda [Elektron.resurs]. – URL: <http://knoshhledge.su/d/dzheja-dogovor-1794-goda> (zhugingen kun: 21.02.2018)
- Utton. Canadian International Waters // Beck (Hrsg). Shhater and Shhater Rights, Vol V, 1991, 51.
- Yuldasheva K.A. Pravovoy rezhim transgranichnyih rek v sootvetstvii s sovremennyim mezhdunarodnyim pravom [Elektron.resurs]. – URL: <http://www.eecca-water.net/content/view/869/52/lang,russian/> (zhugingen kun: 21.02.2018)